



«Бекітемін»  
Атамекен ауылының  
жалпы орта білім беретін  
мектебінің директоры  
Зикирин Ж.Е.

## «Балбөбек» шағын орталығының жылдық тәрбие жұмыс жоспары

2021-2022 оқу жылы

Орындаған: Шағын орталық меңгерушісі  
Хуабайқызы Қ.

## **I. 2021-2022 жылға алға қойылған мақсат:**

1. Салауатты өмір салтын насихаттай отырып, балалардың өз денсаулықтарын күте білуге, өз-өзіне қызмет ету қабілетін арттыру;
2. Балаларды жан-жақты дамыта отырып, балалардың бойында рухани-патриоттық сана-сезімді қалыптастыру;
3. Халқымыздың ұлттық құндылықтарын жас ұрпақ бойына сіңіре отырып жан-жақты дамыту;
4. Ата-аналармен тығыз қарым-қатынас жасап шағын орталық өміріне араластыру.

## **II. Мазмұны**

1. Шағын орталықтың қысқаша сипаттамасы.
2. Шағын орталықтың өткен жылындағы жұмысын талдау, оған алынған шаралар.
3. Шағын орталықтың 2020-2021 оқу жылы бойынша рейтингі.
4. Шағын орталықтың 2021-2022 оқу жылына арналған мақсат- міндеттері.
5. Шағын орталықтың жұмыстарын жоспарлауда ескерілетін деректі құжаттар.
6. Шағын орталықтың жылдық жұмысын жоспарлауда ұстанатын бағыттар:
  - 6.1 Шағын орталық бойынша статистикалық мәлімет.
  - 6.2 Шағын орталықтың жұмысына бақылау мен басшылық
  - 6.3 Әдістемелік іс-шаралар
  - 6.4 Тәрбиелік іс-шаралар
  - 6.5 Сайыстар, байқаулар
  - 6.6 Тәрбиешілерге арналған кеңес
  - 6.7 Тәрбиеші көмекшілеріне кеңес
  - 6.8 Іс-тәжірибе тарату
- 6.9 Мектеппен сабақтастық
7. Шағын орталық топтарындағы оқу іс-әрекеттерінің кестесі
8. Жас мамандармен жұмыс

9. Шағын орталықта өткізілетін ертеңгілік шаралар.
10. Шағын орталықта өткізілетін ашық сабақтар.
11. Ата-аналармен жұмыс
12. Балалардың денсаулығын қорғау және нығайту барысында өткізілетін санитарлық ағарту жұмыстары
13. Әкімшілік-шаруашылық жұмыстары
14. Әдістемелік кеңес
15. Шағын орталықтың материалдық техникалық базасын нығайту.
16. ҚР «Тіл туралы» Заңын орындау бағытында 2021-2022 оқу-жылында атқарылатын шаралар тізбегі
17. Жазғы сауықтыру іс шаралары

### **III. Рухани жаңғыру**

Ұрпақ тәрбиесі – ата-бабамыздан келе жатқан рухани мұралардың бірі. Қай елдің болсын бірлігінің қалыптасуы мен өркендеуі дәстүрлі ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтарымен сабақтасып жүзеге асатындығы белгілі. Рухани жаңғыруда өзекті бағыттың бірі «Ұлттық рухты, ұлттық сананы, дәстүрді, әдет-ғұрыпты, мәдениетті сіңіру». Біздің тәрбиешілер ұжымында 2019-2020 оқу жылынан бастап «Рухани жаңғыру – балабақшадан басталады» атты жоба аясында тәрбие мен оқыту қызметінде, ата-аналармен және педагогтердің кәсіби шеберлігін шыңдау жұмыстары жүйелі түрде атқарылуда. Бала бойына рухани құндылықтарды сіңіру, қазақтың салт-дәстүрін сақтау және насихаттау балабақшадағы күнделікті іс-әрекеттерден басталады.

### **IV. Күтілетін нәтиже:**

Биылғы 2021-2022 оқу жылы «Балбөбек» шағын орталығы үшін жемісті жыл болады. Осы оқу жылында алға қойылған мақсат бойынша міндеттері жүзеге асырылып, шағын орталық өмірі қызуқанды өтеді. Оқу іс-әрекеттерінің мәнді өтуі үшін әдістемелік кітаптар таратылады. Күн тәртібі мен оқу-іс әрекет кестесі, ашық сабақ, ертеңгілік, сайыстар кестесі жасақталып, өз уақытында жүзеге асырылып отырады. Әдіскер үнемі бақылау және басшылық жұмыстарын жүзеге асырып отырады. Әдіскердің жоспарлауы бойынша өндірістік, әдістемелік кеңестер, ата-ана жиналысы өткізіліп отырады. Балалар қоршаған ортаға тез бейімделіп, балалармен жақсы қарым-қатынас орнатады. Бұл тәрбиешілер мен педагогтардың көп еңбектенуін қажет етеді.

**«Балбөбек» шағын орталығының сапалық мониторингі**

№	Педагогтың аты-жөні	Санаты	Біліктілігін арттыру курстары	Пәні
1	Касенова А. Ж.		Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі	Тәрбиеші
2	Манейхан М.		Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі	Тәрбиеші
3	Хуанбайқызы Қ.		Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі	Тәрбиеші, әдіскер
4	Шагии Ж.	I		Ән-саз жетекшісі
5	Жуасхан Ж.			Дене тәрбиесінің жетекшісі
6	Оспанова Л.К.	Педагог-модератор		Орыс тілі пәні мұғалімі

**«Балбөбек» шағын орталығының тәрбиешілері мен мамандарының жасының мониторингі**

**2021-2022 оқу жылындағы педагог мамандар құрамының талдауы:**

Педагогтар саны	Санаты				Білімі				
	Жоғары	I	Педагог-модератор	Санатсыз	Жоғары	Аяқталмаған жоғары	Арнаулы орта	Аяқталмаған арнаулы орта	Орта
6	0	1	2	3	3	2	3	0	0

#### IV. 2021-2022 жылға қойылған мақсаттарды орындауда атқарылатын міндеттемелер:

№	Жылдық міндеттемелер	Мақсаттарға жету жолдары
1	Салауатты өмір салтын насихаттай отырып, балалардың өз денсаулықтарын күте білуге, өз-өзіне қызмет ету қабілетін арттыру;	1.Шынықтыру шараларын кеңінен пайдалану; 2.Мектепке дейінгі балалардың жас ерекшелігіне байланысты дене дамуы мен дене қуатының дайындығы ( дене қимыл-қозғалыс жаттығулары) 3.Эстетикалық талғамқасиеттерін ән,би,сұлулыққа құштарлығын дамыту арқылы тәрбиелеу; 4.Балалардың шығармашылық қабілеттерін, саусақ моторикасын жапсыру, сурет оқу іс-әрекеттерінде дамыту;
2	Балаларды жан-жақты дамыта отырып, балалардың бойында рухани-патриоттық сана-сезімді қалыптастыру;	1.Балалардың бойында отанға деген сүйіспеншілік, туған ел, туған жерге деген ыстық ықыласын ашық сабақтар арқылы, туған жер туралы көрме ұйымдастыру арқылы арттыру; 2. Жүргізілетін оқу іс-әрекеттерінде туған жер туралы мағлұмат беретін тақырыптар қосу арқылы отан туралы туған жер туралы білімін кеңейту; 3. «Туған жерім менің!» атты көрме ұйымдастыру, «Туған ауыл- алтын бесігім!» тақырыбында Маңғыстау облысының ақын - жазушылары , басқа да озық тұлғалар туралы ақпараттар жинақтап балаларды таныстыру;
3	Халқымыздың ұлттық құндылықтарын жас ұрпақ бойына сіңіре отырып жан-жақты дамыту;	1.Қазақ халқының ұлттық ойындарын дене тәрбиесі оқу іс-әрекеттерінде, басқа да спорттық сайыстарда кеңінен қолдану; 2. Ұлттық ойындар макетін дайындау; 3.Қазақ халқының ұлы ғұлама ақындарын балаларға таныстыру;
4	Ата-аналармен тығыз қарым қатынас жасап шағын орталық өміріне араластыру;	1.Жалпы ата-аналар жиналысын жасап ата-аналар комитетін сайлау; 2.Ашық есік күнін ұйымдастырып, ата-аналармен біріккен іс-шараларды ұйымдастыру

## V. Жоспарлауда ескерілетін негізгі деректі құжаттар.

№	Құжаттың атауы	Жұмыс бағыты
1.	<b>Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы</b>	<p>1.«Заңның» орындалу жұмыстарын ұйымдастыру, орындалуды қамтамасыз ету, балалар мен үлкендермен жасалынатын жұмыс сапасын өсіру, оқу-әдістемелік құралдармен толық қамтамасыз ету.</p> <p>2. Оқу-тәрбие үдерісінде балалармен жұмыс істеуде адамгершілік мақсаты мен ұстанымдарын қамтамасыз ету, әр баланың психологиялық сезімін қорғау негізінде бағытталған жеке қарым-қатынас үлгілерін тәрбиеші мен бала арасында жасау.</p>
2.	<b>Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі жастағы балаларға білім беру стандарты.</b>	<p>1.Топта заттық-дамытушы ортаны қалыптастыру.</p> <p>2.Бейімделген бағдарламалары.</p> <p>3.Жаңа технологияларды кіргізу.</p>
3.	<b>ҚР Білім беруді дамытудың бағдарламасы 2011-2020 жыл.</b>	<p>1.Мемлекеттік стандарт негізінде балаларды оқытуда жоғары кәсіби деңгейді қамтамасыз ету.</p> <p>2.Балаларды қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлері бойынша тәрбиелеу.</p> <p>3.Ұлттық және аймақтық ерекшеліктер, Отандық дәстүрлерді қолдану әдісі мен нышандары бойынша тәрбиелеу.</p> <p>4.Мектепке дейінгі білімді дамыту жолында кәсіби біліктілікті көтеру.</p>
4	<b>«Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары</b>	Шағын орталықтың санитариялық жағдайының талапқа сай болуы
8.	<b>„Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау“ нұсқауы</b>	Балалардың шағын орталықта толыққанды дамуына жағдай жасау, әр баланың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету.

**VI. Жылдық жоспардың орындалу бағыттары 2019-2020 оқу жылы.**

<b>Бағыттар</b> <b>Айлар</b>	<b>Статистикалық мәлімет</b>	<b>Бақылау мен басшылық</b>	<b>Әдістемелік іс-шаралар</b>	<b>Тәрбиелік іс-шаралар</b>	<b>Сайыстар байқаулар</b>	<b>Тәрбиешілермен жұмыс</b>	<b>Тәрбиеші көмекшілерімен жұмыс</b>	<b>Іс-тәжірибе тарату</b>
Тамыз	Қабылданатын балалар тізімін шығару, келесі оқу жылына тәрбиешілер құжаттарының дайындығы	Балабақшаға бейімделу әсіресе, ортанғы тобының бала қабылдауға жан-жақты дайындығын тексеру	Кабинетті конспектілермен әдістемелік жоспарлармен, балалар әдебиеттері мен жабдықтау	Әдістемелік кеңестер, өндірістік кеңестер ұйымдастыру	Топтардың «Алғашқы қоңырау» салтанатына дайындалу «Отбасы күні» мерекесін өткізуге дайындық	Қызметкерлерді өз міндеттері туралы нұсқаулықпен таныстыру. Жас мамандарға тәлімгерлер дайындау	Күн режимін ұйымдастыру, Сабақ кестесімен таныстыру	Оқу-тәрбие жұмысының жылдық жоспарын жасақтап топ тәрбиешілеріне беру
Қыркүйек	Барлық топтарға жылдық күнтізбелік жоспарын бағдарламаға сай құруға көмектесу	Жаңа оқу жылына дайындық деңгейін тексеріп сараптама жасау.	Жылдық жоспармен таныстыру, жас ерекшеліктеріне сай әдістемелік термен тарату	«Білім - күні» мерекесіне сай ашық сабақ ұйымдастыру	Денсаулық күніне байланысты сайыстар ұйымдастыру	Тәрбие мен оқытудың жалпыға бірдей стандартының маңызымен таныстыру	Тех карта, циклограмманың жазылуымен таныстыру	Тех карта, циклограмманың жазылуы үлгісін тарату
Қазан	Шағын орталықтың тәрбиеленушілеріне психологтың жүргізген диагностикасы	Балаларға патриоттық тәрбие беру негізінде іс-шаралардың ұйымдастырылуын бақылау	Күн тәртібінің сақталуын тексеру (3 топта), оқу-іс әрекеттерге қатысу	«Алтын - күз» ертеңгілігінің өткізілуіне дайындық	«Алтын күз» ертеңгілігін, жоспарлы ашық сабақтардың қадағалау	Жас мамандарды балалардың жас ерекшелігіне сай талаптармен таныстыру	Адамгершілік-рухани тәрбие тақырыбында баяндама.	Оқу-іс әрекетіне қажетті үлестірмелі материалдар жинағын жинау

Қараша	Шағын орталық тәрбиеленушілерінің білімдері туралы диагностика жинақтау	Атамекен өлкесі мен табиғатын таныстыру бағытында дайындалған ашық сабақтардың өткізілуін қадағалау	Балалармен тәрбиеші қарым-қатынасын анықтау барысында оқу-іс әрекеттерге қатысу	Ата-аналарға арналған тренингтер, сауалнамалар ұйымдастыру	«Атамекен – туған жерім!» атты рухани жаңғыру бағытында тәрбие сағатын өткізу.	Жас мамандарға бекітілген тәлімгерлер жұмысымен танысу	Балалардың дұрыс тамақтануырылуын ұйымдастыру әрекетінің қадағалау	Әр педагогқа жеке зерттеу тақырыбын тарату
Желтоқсан	Тәрбиешілердің семинарларға, курстарға баруы туралы мәлімет жинақтау	Топ құжаттарының жағдайын тексеру. Күн тәртібінің сақталуын тексеру.	Ата-аналармен тәрбиешілер арасында қарым-қатынасты анықтау барысында сауалнамалар алу	Жаңа жыл мерекесіне дайындық. «Қош келдің, Жаңа жыл» мерекелік іс-шарасын өткізу.	Желтоқсан айында жүргізілетін ертеңгілікт ердің жүргізілуін ұйымдастыру	І жартыжылдыққа арналған жас мамандармен өткізген іс-шаралардың қорытындысы (Тәлімгерлер тарапынан есеп)	Ұйқы алдындағы тазалық іс-шараларының сақталуы	Дидактикалық ойындар жинағын жинақтау
Қаңтар	Оқу іс-әрекеттерін е қатысып, құжаттарын тексеру, балалар білімінің сапасын тексеру	Серуен кезіндегі түрлі ұлттық ойындарды ұйымдастырылуын және ойынға қажетті құралдарды тексеру	Шағын орталықта жоспарға сәйкес жұмыстың орындалуын қадағалау мақсатында әдісте мелік кеңес өткізу	Өндірістік кеңес: Жаңа технологияларды пайдалану;	Ертегілер еліне саяхат – театрланған қойылымдар	Шағын орталық балаларының денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігін сақтау барысында жасалған жұмыстарға талдау	Баспасөзден тәрбие жұмысына керекті материалдар жинақтау	Балабақшадағы ойындар жинағын жинақтау



Ақпан	«Балапан» «Қарлығаш» топтардағы оқу-іс әрекеттердің жоспар бойынша жүргізілуін бақылау, талдау жасау	Заттық дамытушы ортаның жағдайын бақылау, балалардың белсенділігін қадағалау	«Ұлы даланың жеті қыры» тақырыбында тәрбие сағатын өткізу	«Әлем бала көзімен!» ата-аналар мен балалардың біріккен шығармашылық жұмыстарының көрмесі	«Әсем дала» атты қыс мезгіліне арналған суреттер сайысын өткізу	Жас мамандардың ұйымдастыруымен «Туған жерім менің!» атты көрме	Тәрбиешілер диагностикалық карталарын толтыру	Қазақтың ұлттық ойындары жинағы
Наурыз	«Қарлығаш» тобының түрлі іс-шараларға қатысу сапасы туралы мәлімет	Ұжымдық еңбекке талдау жасап, тәрбиешілер туралы статистикалық мәлімет дайындау	Наурыз мерекелеріне дайындық. «8 наурыз», «Әз Наурыз» мерекелерін өткізу.	Санатқа тапсырған тәрбиешілердің жұмысына сараптама	Көктемгі мерекелерді ата-аналардың қатысуымен өткізуді ұйымдастыру	Ата-аналар мен балаларының күшімен жасалған еңбектерге баға беру, марапаттау	Оқу іс-әрекеттеріне қатысып балалар білімінің сапасын бақылау	Серуен кезінде ойналатын ойындар жинағын дайындау
Сәуір	Ересек топтағы балалардың білім сапасын қадағалау	Топтардың күннің 2-ші жартысындағы іс-әрекетін бақылау, еңбекке баулу жұмыстарының жүргізілуін	Тәрбиешілерді курстарға жіберу жұмысын ұйымдастыру	Сурет көрмесін ұйымдастыру	Алқызыл гүл байқауына дайындық, «Көктем келді» тақырыбында көркем сөз жарысы.	Ұлттық ойындар макетін дайындау барысында ата-аналармен жүргізілген жұмыстарға сараптама	Бала өмірінің қауіпсіздігін сақтау	Бала өмірінің қауіпсіздігін сақтау ережелерінің жинағы

Мамыр	Тәрбиешілердің жыл бойы жасаған жұмыстарына қорытынды	Балалардың шынығуы, қимыл-қозғалыс тәртібінің сақталуын қадағалау	Қуыршақ театрын қайта жабдықтау жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспарын жасақтау	жылдық жұмыс қорытындысымен танысып, жас маман дарға тренинг ұйымдастыру	9-Мамыр мерекесіне сай ертеңгіліктер «Ерлік-елге мұра»(патриоттық тақырыпта апталық)	Шынықтыру түрлері. Тыныс алу жаттығулары мен таныстыру және жазғы сауықтыру іс-шараларында қолдану	Топтардың тазалығын а, тәрбиеші көмекшілерінің жыл бойғы жұмысы	Бала шығармашылығын дамыту жолдары
-------	---	---	--	--	--	--	---	------------------------------------

***VII. «Балбөбек» шағын орталығының оқу іс-қызметі кестесі***

«Балбөбек» шағын орталығы

«Балапан» тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі

№	Аптаның күндері	Білім беру саласы	Ұйымдастырылған оқу қызметі
1	Дүйсенбі	Таным Денсаулық Шығармашылық	Қарапайым математика 1 Дене шынықтыру 1 Апликация 0,5/мүсіндеу 0,5 Музыка 1
2	Сейсенбі	Комуникация  Қатынас	Орыс тілі0,5/ көркем әдебиет 0,5 Сөйлуді дамыту 1 Апликация 0,5/ мүсіндеу 0,5
3	Сәрсембі	Таным Әлуметтік орта Денсаулық	Сурет салу1 Жаратылыстану 1 Дене шынықтыру 1
4	Бейсембі	Шығармашылық Таным	Қарапайым математика 1 Құрастыру 0,5 Қоршаған ортамен таныстыру0,25/ Экология0,25
5	Жұма	Денсаулық Шығармашылық Комуникация	Дене шынықтыру 1 Музыка0,5 Драмма 0,5

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі -12

Вариативтік бөлім-2

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтылығы 20-25 минут

«Балбөбек» шағын орталығы

«Қарлығаш» тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі

№	Аптаның күндері	Білім беру саласы	Ұйымдастырылған оқу қызметі
1	Дүйсенбі	Таным	Қарапайым математика 1

		Денсаулық Шығармашылық	Дене шынықтыру 1 Апликация 0,5/мүсіндеу 0,5 Музыка 1
2	Сейсенбі	Комуникация  Қатынас	Орыс тілі0,5/ көркем әдебиет 0,5 Сөйлуді дамыту 1 Апликация 0,5/ мүсіндеу 0,5
3	Сәрсембі	Таным Әлуметтік орта Денсаулық	Сурет салу1 Жаратылыстану 1 Дене шынықтыру 1
4	Бейсембі	Шығармашылық Таным	Қарапайым математика 1 Құрастыру 0,5 Қоршаған ортамен таныстыру0,25/ Экология0,25
5	Жұма	Денсаулық Шығармашылық Комуникация	Дене шынықтыру 1 Музыка0,5 Драмма 0,5

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі -12

Вариативтік бөлім-2

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтылығы 20-25 минут

### VIII.Жас мамандармен жұмыс

№	Жұмыс мазмұны	Жұмыс түрі	Жауапты адамдар	Мерзімі
1	Жас тәрбиеші мамандарға тәрбиешінің міндеттерін, күн тәртібін, еңбек кодексін, білім туралы заңды түсіндіріп,	Түсіндірме жұмыстары	Әдіскер, жауапты тәлімгер	Тамыз

	үйрету.			
2	Тәрбие мен оқытудың жалпыға бірдей стандартымен таныстыру	Көрсету, түсіндіру, үйрету	Әдіскер, жауапты тәлімгер	Тамыз
3	Оқу-тәрбие жұмыстарының жоспарларын жасауға балалардың жас ерекшелігіне қарай қойылатын талаптармен таныстыру. Дидактикалық материалдар жинақтау	Көрсету, түсіндіру, үйрету	Әдіскер, жауапты тәлімгер	Қыркүйек
4	Циклограммаға, технологиялық картаға қойылатын талаптар. Қазақ этнопедагогикасын сабақта пайдалану	Түсіндірме жұмыстары	Әдіскер, жауапты тәлімгер	Қазан
5	Топтық құжаттардың жүргізілуін қадағалап отыру. Тәуелсіздік күніне орай, Жаңа-жылдық мерекесіне орай дайындықты ұйымдастыру.	Көрсету, түсіндіру, үйрету	Әдіскер, жауапты тәлімгер	Қараша
6	Тәрбиешілердің тоқсан сайын есеп беруі. Балалардың денсаулығы мен өмір қауіпсіздігі туралы мағлұмат беру	Көрсету, түсіндіру, үйрету	Әдіскер, жауапты тәлімгер	Желтоқсан
7	I жартыжыл дыққа арналған жас мамандармен өткізген іс-шаралардың қорытындысы (Тәлімгерлер тарапынан есеп)	Есеп	Әдіскер, жауапты тәлімгер	Желтоқсан
8	Жас мамандардың ұйымдастыруымен «Туған жерім менің!» атты көрме	Көрме ұйымдастыру	Әдіскер, жауапты тәлімгер	Қантар
9	Ұлттық ойындар макетін дайындау барысында ата-аналармен жүргізілген жұмыстарға сараптама	Макет жасау	Әдіскер, жауапты тәлімгер	Ақпан
10	Шынықтыру түрлері. Тыныс алу жаттығулары мен таныстыру және жазғы сауықтыру іс-шараларында қолдануды үйрету	Көрсету, түсіндіру, үйрету	Әдіскер, жауапты тәлімгер	Наурыз
11	Педагогтардың баспасөзге мақала	Түсіндірме жұмыстары	Әдіскер, жауапты	Сәуір

	беруін, ашық оқу іс-әрекеттерінің жақсы өтуін қадағалау		тәлімгер	
<b>12</b>	Жаңа технологиялармен жұмыс жасап үйренуін қадағалау	Түсіндірме жұмыстары	Әдіскер, жауапты тәлімгер	мамыр
<b>13</b>	Біліктілігін арттыру курстарына жіберу		Әдіскер,	Жыл бойы

### IX Шағын орталықта өткізілетін ертеңгілік мерекелік шаралар

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты адамдар
	Спорттық жанұя! «Отбасы күніне»	13.09.2021	Тәрбиешілер, дене тәрбиесі маманы
	Көңілді старт! «Денсаулық күніне»	24.09.2021	Тәрбиешілер, дене тәрбиесі маманы
	Тіл мерекесі «Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте!»	22.09.2021	Тәрбиешілер, әдіскер, саз жетекшісі
	«Қарттар – асыл қазынамыз!»	01.10.2021	Тәрбиешілер, ән-саз жетекшісі
	Алтын күз!	15.10.2021	Тәрбиешілер, ән-саз жетекшісі
	«Атамекен – туған жерім!» тәрбие сағаты	15.11.2021	Тәрбиешілер
	«1- Желтоқсан президент күні!»	02.12.2021	Тәрбиешілер, әдіскер, саз жетекшісі
	Тәуелсіздік күні	14.12.2021	Тәрбиешілер, әдіскер, саз жетекшісі
	Келді міне, Жаңа жыл!	28.12.2021	Тәрбиешілер, әдіскер, саз жетекшісі
	Ертегілер еліне саяхат	14.01.2022	Тәрбиешілер
	«Әсем дала» сурет сайысы	28.01.2022	Тәрбиешілер
	«Әлем бала көзімен» көрме сайысы	11.02.2022	Тәрбиешілер
	«Алғыс айту күні»	01.03.2022	Тәрбиешілер
	Біз ананың гүліміз!	04.03.2022	Тәрбиешілер, әдіскер, саз жетекшісі
	Қош келдің, Наурыз!	18.03.2022	Тәрбиешілер, әдіскер, саз жетекшісі
	Құстар келгенде	08.04.2022	Тәрбиешілер
	«Ал қызыл гүл» байқауы	22.04.2022	Тәрбиешілер, әдіскер, саз жетекшісі
	«1 мамыр – Халықтардың бірлігі күні!»	02.05.2022	Тәрбиешілер
	Ерлердің есімі естен кетпес.	06.05.2022	Тәрбиешілер, әдіскер, саз жетекшісі
	Біз не үйрендік?	27.05.2022	Тәрбиешілер, әдіскер, саз жетекшісі
	«1-маусым балалар күні»	01.06.2022	Тәрбиешілер, әдіскер, саз жетекшісі

## XI . Ата-аналармен жұмыс

№	Іс-шаралар атауы	Орындау мерзімі	Жауапты	Жүргізілу түрі
1	<b>1. Жалпы ата-аналар жиналысы:</b> 1.1 Ата-аналар комитеттерін сайлау 1.2 «Бала тәрбиесі – баршаға ортақ» 1.3 «Ата-аналарға арналған сауалнама» 2. «Отбасы күні» мерекесін атап өту 3. «Баланың балабақшаға бейімделуі»	10.09.2021	директор  әдіскер тәрбиешілер топ ата-аналары тәрбиешілер	Жиналыс  Анкета Сауалнама Топаралық сайыс Баяндама
2	<b>2. Топтардың ата-аналар жиналысы</b> -жаңа оқу жылының міндеттері -бағдарламамен таныстыру -тәрбиеленушілердің жас ерекшелігі -жылдық жоспар бойынша өткізілетін іс-шаралармен таныстыру 2.1. Ата-аналарды күн тәртібімен таныстыру 2.2. «Тіл мерекесі-күніне» орай топтарда ұйымдастырылған ашық сабақтарға қатыстыру 3. «Алтын күз» мерекесіне қатысу	08.10.2021	Тәрбиешілер   Әдіскер  Тәрбиешілер Тәрбиешілер	Жиналыс Баяндама   Баяндама  Ашық сабақтар Мерекелік іс-шара
3	<b>3.Ата-аналар үшін кеңестер:</b> 3.1 «Менің балам солақай»  3.2 «Баланы отбасымызбен бірге тәрбиелейміз және оқытамыз» 3.3 «Тыңдамайтын балаға не істеу керек?». 4.Ата-аналарға арналған жанұялық сайыс	03.11.2021	Тәрбиеші (естиярлар тобы)  Әдіскер  Тәрбиеші,психолог (ересектер тобы) Дене тәрбиесі маманы	кеңес  кеңес  кеңес топаралық сайыс
4	<b>4.«Сіз және сіздің балаңыз»</b> 4.1.Баланың өмірі мен қауіпсіздігі 4.2.Балалардың мерекелерге дайындығы Ата-аналардың шараларға қатысуы. 4.3.Ата-аналарға арналған тренинг ұйымдастыру 4.4 «Тұмаудан сақтан!»	07.12.2021	Психолог Тәрбиешілер Тәрбиешілер  Психолог медбике	Сауалнама Кеңес Кеңес  Тренинг Кеңес
5	<b>5.«Әлем бала көзімен!»</b> бейнелеу өнері бойынша ата-анлар мен балалардың шығармашылығы 5.1 «Дені саудың жаны сау!»	14.02.2022	Тәрбиешілер  Дене тәрбиесі, музыкант,әдіскер	Топаралық сайыс  Топаралық сайыс



6	6.«Бақытты балалық шақ» фотостендті ілуі 6.1 «Дені сау ұрпақ – болашақтың негізі»  6.2 «Салт-дәстүрлер»  6.3 «Қазақтың ұлттық ойындары» макет	11.03.2022	әдіскер тәрбиешілер, дене тәрбиесі пәні жетекшісі тәрбиешілер  топ тәрбиешілері	Стэнд дайындау  Кеңес Мерекелік шараға қатыстыру Топаралық сайыс
7	7.Ата-аналарға арналған «Ашық есік күндерін» ұйымдастыру 7.1. «Тіл мүкістігін жою жолдары» 7.2 «Балаларға қандай ойыншық алсақ болады?»	Жыл бойы  25.04.2022	әдіскер тәрбиешілер психолог тәрбиешілер	Ашық сабақтар ұйымдастыру Кеңес Кеңес
8	8. «Абайлаңыз жаз келді!», «Ішек ауруларынан сақтан!» 8.1 «Шынықтыру шаралары»  8.2 «Отбасы мен оқу-тәрбие сабақтастығы»; «Баланың басты ұстазы – ата-ана»	16.05.2022	Медбике  Тәрбиешілер, дене тәрбиесі жетекшісі  Тәрбиешілер	Кеңес  Шынықтыру шараларын ұйымдастыру Кеңес, баяндама

## ХІІ. Балалардың денсаулығын қорғау және нығайту барысында өткізілетін санитарлық ағарту жұмыстары

қ/с	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты адам
1	<p>Ата-аналармен әңгімелесу:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ішек аурулары;</li> <li>- сальмонеллез;</li> <li>- сары ауруды емдеу;</li> <li>- балалар киімдері;</li> <li>- жеке бас гигиенасы;</li> <li>- педикулезді емдеу.</li> <li>- дені сау балаларды диспансерлік бақылаудан өткізу</li> </ul>	Тоқсанына бір рет	Медбике
2	<p>Қызметкерлермен әңгімелесу:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- дұрыс тамақтану;</li> <li>- қызметкерлердің жеке бас гигиенасы;</li> <li>- жұқпалы аурулардың алдын алу;</li> <li>- су ішу ережелерін сақтау.</li> <li>- «Д» есебіне алынған балаларды диспансерлік бақылаудан өткізу</li> </ul>	Жылына 2 рет	Медбике
3	<p>Балалармен әңгімелесу:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- тісті қалай тазалау керек;</li> <li>- қол тазалығы-денсаулық кепілі.</li> <li>- жаңа заманға сай егу шаралары, диспансерлік балаларды тексеру, антронометрия</li> </ul>	Жыл бойы	Медбике
4	<p>Санбюллетендердің шығуы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- тіс аурулары,</li> <li>- қан аздығы;</li> <li>- ДҮБ, шынықтыру;</li> <li>- Балалар жарақаты;</li> <li>- Тамақтан улану;</li> <li>- Жыл мезгіліне сай киіну.</li> </ul>	Жылына 2 рет	
5	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Сауықтыру шараларына арналған жаңа заманға сай безендірілген ата-аналар бұрышы.</li> <li>- Ата – аналар және балалармен дене шынықтыру – сауықтыру шараларын өткізу.</li> <li>- Үлкендерге арналған «Денсаулық» тобын құру.</li> <li>- Шынықтыру – сауқтыру шараларына арналған құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету.</li> </ul>	Жазғы мезгілге	Әдіскер, Медбике

### XIII. Әкімшілік-шаруашылық жұмыстары

<b>№</b>	<b>Іс-шаралар атауы</b>	<b>Орындалу мерзімі</b>	<b>Жауапты</b>
<b>1</b>	Балабақшаны қысқы жылу маусымына дайындау. Балабақша қызметкерінің материалдық жауапкершіліктерін орындауды қадағалау	маусымында үнемі	басшы
<b>2</b>	Балабақшаның ауласына ағаштар мен гүлдер егу. Талдар мен көшеттерді суару.	сәуір мамыр	басшы
<b>3</b>	Тамақ сапасын бақылау.	үнемі	басшы медбике
<b>4</b>	Санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізу алаңда, топтарда	маусым шілде тамыз	Басшы Медбике Тәрбиешілер
<b>5</b>	Топтардың техникалық қауіпсіздігін кешенді тексеру	жыл бойы	басшы
<b>6</b>	Жаңа оқу жылына дайындық	маусым	басшы
<b>7</b>	Балабақша жарнасын уақтылы төлеуін бақылау	үнемі	басшы есепші тәрбиешілер
<b>8</b>	Топтарды «Өзін-өзі тану» пәні элементтерімен жабдықтау (бекітілген тізім бойынша)	Ақпан-мамыр	басшы тәрбиешілер

#### XIV . Әдістемелік кеңес

<b>№</b>	<b>Іс – шаралар атауы</b>	<b>Орындалу</b>	<b>жауапты</b>
----------	---------------------------	-----------------	----------------

		<b>мерзімі</b>	
<b>1.</b>	<p><b>Әдістемеліккенестер:</b>  <b><u>№1 Әдістемелік кенес</u></b>  1.1 Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытынды есебі.  1.2 Жаңа оқу жылының жоспарын бекіту.  1.3 Лауазымдық құжаттармен таныстыру  1.4 Жас мамандарға тәлімгерлер дайындау  1.5 Отбасылық сайысқа дайындық</p> <p><b><u>№2 Әдістемеліккенес</u></b>  <b>Тақырыбы:</b>  1. Мектеп жасына дейінгі балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру  2. 2018-2019 жылға қойылған міндеттемелердің жүзеге асырылуын жоспарлау</p> <p><b>Баяндамалар:</b>  2.1 Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық салт-дәстүрлер туралы білім беруарқылы патриоттық тәрбие беру  2.2 Сюжетті-рөлді ойынның тәрбиегеықпалы.</p> <p><b><u>№3 Әдістемеліккенес</u></b>  <b>Тақырыбы:</b> Туған өлкеміз Маңғыстау туралы балаларға жан-жақты түсінік беру, туған жерге сүйіспеншілігін ояту</p> <p><b>Баяндамалар:</b>  3.1 Балаларға өлке табиғаты туралы білім берудің әдіс-тәсілдері  3.2 Инновациялық технологияларды қолдану.  3.3 Жартыжылдықтың қорытындысы</p> <p><b><u>№4 Әдістемеліккенес</u></b>  Педагогтарды аттестаттау.  Ашық оқу іс-әрекеттері мен мерекелік іс-шаралардың жүріс барысына баға беру  Тәрбиешілер мен күтушілер арасындағы КТК ойыны</p>	<p>қыркүйек</p> <p>қараша</p> <p>қаңтар</p> <p>сәуір</p>	<p>әдіскерлер тәрбиешілер</p> <p>әдіскерлер тәрбиешілер</p> <p>әдіскер тәрбиешілер</p> <p>Әдіскер тәрбиешілер</p> <p>әдіскер тәрбиешілер</p>

	<b>Баяндама:</b> «Қарлығаш» тобындағы балаларды тәрбиелеуде кездесетін қиындықтар		
	<b>№5 Әдістемелік кеңес</b> 5.1 2018-2019 оқу жылының оқу- тәрбие жұмысының қорытындысы. 5.2 2018-2019 оқу жылының қорытындысы бойынша тәрбиешілер мен педагогтардың есеп беруі	мамыр	Әдіскер Тәрбиешілер Педагогтар
2.	<b>Тәрбиешілерге арналған кеңестер:</b> 2.1. «Педагогтың кәсіптік құзыреттілігін қалыптастыру». 2.2. «Педагогтың сөйлеу мәдениеті».	Жыл бойы	әдіскерлер
3.	<b>Интерактивті тақта арқылы оқытуды жалғастыру</b> 4.1 Оқыту кестесін жасақтау, бекіту	Жыл бойы	әдіскер.

№	Іс – шаралар атауы	Орындалу мерзімі	жауапты
1.	Атамекен тарихымен таныстыру Балаларды өңірдің тарихи орындарымен, ескерткіштерімен және тарихи тұлғаларымен таныстыру, олар туралы мәлімет беру	жыл бойы	Әдіскер
2.	Атамекен жануарлар мен өсімдіктер дүниесімен таныстыру Қызыл кітап туралы, оған енген жануарлар мен өсімдіктер туралы мәлімет беру	жыл бойы	
3.	Атамекен географиясы Жер, су, қала аттарымен және облыс картасымен, өңір табиғаты туралы көркем шығармалармен таныстыру	жыл бойы	
4.	«Астана – менің сүйікті қалам» сурет көрмесін ұйымдастыру және топтарда альбомдар әзірлеу	І тоқсан	
5.	Облыстық өлке тану мұражайына саяхат	жыл бойы	
6.	«Атамекен – туған өлкем» шағын орталықта кіші мұражай жасақтау	үнемі	
7.	Көкшетау қаласының көрікті орындарына экскурсиялар ұйымдастыру	жыл бойы	

## XVI. Шағын орталықтың оқу-материалдық базасын нығайту

<b>№</b>	<b>Іс-шаралар атауы</b>	<b>Орындалу мерзімі</b>	<b>Жауапты</b>
1	Оқу-әдістемелік көрнекіліктерімен жабдықтау	үнемі	Басшы Әдіскер тәрбиешілер
2	Балабақшаны ойыншықтармен қамтамасыз ету	үнемі	басшы
3	Балабақшаның материалдық-техникалық базасын мүмкіндігінше жаңартып отыру	үнемі	басшы
4	Барлық бөлім бойынша әдбиеттермен толықтыру	үнемі	Басшы Әдіскер тәрбиешілер
5	«Өзін-өзі тану бұрышын» жасақтау	қазан	Басшы Әдіскер тәрбиешілер
6	«Ұлттық бұрыш» жасақтау	Наурыз	Басшы Әдіскер тәрбиешілер
7	«Атамекен – туған өлкем» шағын орталықта кіші мұражай жасақтау	Қаңтар	Басшы Әдіскер тәрбиешілер
8	Спорттық құрал-жабдықтарын сатып алу.	Жыл бойы	Басшы Әдіскер Дене тәрбиесі жетекшісі

### **XVII. Жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспары**

<b>№</b>	<b>Іс-шаралар атауы</b>	<b>Орындалу мерзімі</b>	<b>Жауапты</b>
----------	-------------------------	-------------------------	----------------

1.	Жаз мезгіліне күн тәртібін және сабақ кестесін құру	мамыр	әдіскер
2.	«Балаларды қорғау Күніне» арналған сазды - спорттық шаралар өткізу «Мен қандай баламын» психологиялық тренинг «Рәміздер әлемі» «Мен суретші боламын»	1 маусым	әдіскер ән-саз жетекшісі. Тәрбиешілер
3.	Дене шынықтыру ойын сауығы: «Шынықсаң – шымыр боларсың»  Астана күніне арналған ойын сауық мереке «Менің Қазақстаным!» Саяхат сабақ «Кім жүйрік» мерекелік сайыс	шілде	әдіскер. Тәрбиешілер Дене тәрбиесі жетекшісі
4.	Денсаулық апталығы. «Дені саудың – жаны сау» Балалармен табиғат аясындағы жұмыс	тамыз	әдіскер медбике Дене тәрбиесі жетекшісі Тәрбиешілер
5.	Тәрбиешілерге арналған кеңестер: «Ата-аналарға жол ережелері туралы». «Бала тәрбиесі баршаға ортақ»	маусым шілде тамыз	Тәрбиешілер әдіскер медбике Дене тәрбиесі жетекшісі
6.	Ата-аналарға кеңес: «Ас – адамның арқауы». «Ойын – бала өмірінің ажырамас бөлігі».	маусым шілде	әдіскер медбике
7.	Табиғи заттардан қолөнер байқауы: «Өнерлі қолдар».	тамыз	тәрбиешілер

**Х VIII. ҚР «Тіл туралы» Заңын орындау бағытында 2021-2022 оқу-жылында  
атқарылатын шаралар ТІЗБЕСІ**

№	Тақырыбы	Орындалу мерзімі	Жауапты
---	----------	------------------	---------



1.	ҚР тіл туралы заңымен таныстыру және оны жүзеге асыру жолдары	қыркүйек	әдіскер ән-саз жетекшісі
2.	«Тілдер апталығына» арналған мәдени-көпшілік, оқу-тәрбие шараларын өткізу	қыркүйек	әдіскер тәрбиешілер
3.	«Жігіт сұлтаны» байқауын ұйымдастыру	қараша	әдіскер ән-саз жетекшісі тәрбиешілер
4.	Балаларға арналған әдебиетпен , қазақ жазушылары мен ақындары кітаптарының мен және балаларға арналған ертегі кітаптар көрмесін ұйымдастыру	желтоқсан	әдіскер ән-саз жетекшісі
5.	Тәуелсіздік күніне арналған ертеңгіліктер, тақырыптық оқу іс-әрекеттерін өткізу	желтоқсан	әдіскер ән-саз жетекшісі тәрбиешілер
6.	«Балабақша аруы» байқауын ұйымдастыру	наурыз	әдіскер ән-саз жетекшісі тәрбиешілер
7.	«Қош келдің, Наурыз!» ертеңгіліктері Ұлттық бұрыштар сайысы. Ұлттық тағамдар көрмесі.	наурыз	әдіскер ән-саз жетекшісі тәрбиешілер
8.	Ересек және мектепалды даярлық топ балалары арасында ұлттық ойындар сайысын өткізу	сәуір	әдіскер ән-саз жетекшісі тәрбиешілер қазақ тілі мұғ.
9.	ҚР Рәміздер күні	маусым	әдіскер ән-саз жетекшісі